

2016 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидия алу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілердің тізіміне енгізу үшін өтінім беру мерзімдерін анықтау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 200 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 тамызда N 3877 болып тіркелді

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10 тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидия алу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілердің тізіміне енгізу үшін өтінім беру мерзімдері қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 25 тамызынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

№	Басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімдерді қабылдау мерзімі
1	Жаздық бидай	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
2	Күздік бидай	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
3	Күздік қара бидай	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
4	Арпа	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
5	Сұлы	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
6	Қарақұмық	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
7	Тары	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
8	Дәнді –бұршақты дақылдар	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
9	Майлы дақылдар	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
10	Картоп	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
11	өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсірген картоп	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
12	Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
13	өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
14	Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін

15	Жем шөптік дақылдар:	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
16	Бірінші, екінші және үшінші жылы өсіп жатқан көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптер	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
17	Бірінші жыл егілген басқа да көп жылдық шөптер	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
18	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
19	Бір жылдық шөптер, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың қоспасы:	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
20	Сұлы мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа *	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
21	Судан шөбі; тары; итқонақ; сұлы мен сиыржоңышқа **	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
26	Сұлы, арпа, бұршақ және бидай; сұлы мен бұршақ; тары мен бұршақ ***	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін
23	Бұршақ пен сұлы; сұлы, арпа және бұршақ; судан шөбі мен бұршақ; тары мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа; рапс пен сұлы ****	2016 жылдың 25 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін

* көк азыққа ** пішінге *** пішендемеге **** жасыл конвейерге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК